

**2024-2025 оқу жылының №58 «Өркен» балабақша балаларының
«Мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық сауаттылық негіздерін
қалыптастыру» іс-әрекетінің бағдарлама мазмұнын
игерудің нәтижелерінің
АНЫҚТАМАСЫ**

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында ортаңғы топ «Көркем», эксперимент, «Тұмар» бақылаушы балаларының білім деңгейіне мониторинг жүргізілді. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау барысында осы топтарда диагностика ұйымдастырылып, балалардың білім деңгейінің сапасы анықталды.

Диагностика – балалардың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейін зерделеуге және білім процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі.

Мониторингтің мақсаты- балалардың интеллектуалдық қасиеттерінің даму диагностикасын анықтау. Бастапқы мониторингке қыркүйек айында алынды. Бастапқы мониторингте білім салалары бойынша балалардың көрсеткіштері төмен, өйткені балалардың қаржылық сауаттылық туралы білімдері аз болды. Ортаңғы топ болғандықтан балалар енді үйренісіп, кейбір балалар енді сөйлеп бастағандықтан көрсеткіш төмен болды. Өртүрлі ойындар ұйымдастырылып, топтар арасында қаржылық сауаттылық туралы білім берілгендіктен аралық бақылауда балалар біршама жетістіктер көрсетті. «Көркем» эксперимент тобының балаларының тәжірибе барысында зейіндері, есте сақтау, ойлау танымдық қасиеттері, тілдері дамыды. Балалар ойынды қалай ойнағандарын еркін айта алады. «Тұмар» бақылаушы ортаңғы топ балаларының білім деңгейі сәл төменірек, бірақ балалардың ойынға деген қызығушылықтары жоғары, тілдері, танымдық қасиеттері дамыған, қолдары жаттыққан. Бұл топтың балалары үлкендердің көмегіне ойын барысында жүгінеді.

**Қаржылық сауаттылықты игерудің нәтижелерінің төмендегі
критерийлер арқылы анықталды:**

- баланың тәжірибе барысында зейін аударуы
- қабылдау қабілетінің дамуы
- есте сақтау қабілетінің дамуы
- тәжірибе барысында іс-әрекетке қызығушылық танытуы
- тәжірибе барысында құрал-жабдықтармен жұмыс жасау қабілеті
- тілдерінің дамуы, өз ойын жеткізе алуы

«Көркем» эксперимент тобының балаларының тәжірибе барысында қаржылық сауаттылықтары артақан, зейіндері, есте сақтау, ойлау танымдық қасиеттері тілдері ойын барысында дамып, өздері ойнай алатын дәрежеге жетті. «Тұмар» бақылаушы ересек топ балаларының білім деңгейі сәл төменірек, бірақ балалардың ойынға деген қызығушылықтары жоғары, Жыл соңында төрт топтың балалары ойнап үйренді. Жыл соңындағы білім

деңгейлері: «Көркем» ортаңғы эксперименттік топ-88%, «Тұмар» ортаңғы бақылаушы топ 75% болды.

Қорыта келгенде, балалардың қаржылық сауаттылықтары біршама жақсарған.